

Нұр – Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті
Ислам ілімдері факультеті
Дінтану кафедрасы

Дәріс 5. Таным және шығармашылық

Мақсат: Адамның әлемге танымдық қарым-қатынасының ерекшелігі.

Дәріс тезистері:

1. Эпистемология - білім ғылымы ретінде
2. Философиядағы абсолютті және салыстырмалы шындық.

Практика түсінігі, оның құрылымдық элементтері. Практика мен танымның өзара байланысы. Адамның әлемге деген танымдық қатынасының мәні. Танымның құрылымы, деңгейлері. Танымның сезімдік, рационалдық, интуитивтік формалары. Адамның әлемге деген танымдық қатынасының нәтижесі мен мақсаты ретіндегі ақиқат түсінігі. Ақиқат үдеріс ретінде. Практика ақиқаттың шешуші өлшемі ретінде: ақиқаттың қасиеттері, белгілері. Таным – бұл адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Философия тарихында таным деп адамның дәлелденген білім алу үшін әлемді, ондағы өзін мақсатты түрде бейнелеу аталған. Таным дегеніміз – білім алу үшін шығармашылық ізденіс.

Таным адамның практикалық іс - әрекетінің рухани жағы болып табылады. Ол еңбек құралдары – табиғат жүйесінің аясында іске асады, өйткені, адам еңбек құралдарының көмегімен заттардың мәнін жауып, көлеңкелеп тұратын сыртқы қабығын алып тастауға тырысады. Оны ашып, әлемнің құпиясына үңіледі. Таным процесінде объект затсызданады (распредмемивается) және өмір сүрудің басқа түріне өтеді, яғни идеалды – идея немесе образ түріне өтеді. Игерілген объективті мәндер, күштер мен олардың заңдылықтары объективтік заттық формада, сол қалпында сақтау үшін ғана емес, соның ішінде келесі практикалық процесте қолдану үшін қажет болады, яғни үнемі жаңа практикалық процеске тартылып, іс – қимыл, процесс формасына ауысады. Бұрынғы игерілген «адамилық» адамдардың белгілі бір құралы, адами күш, мән, адами қабілет ретінде қатысады. Таным процесі әруақытта әлеуметтік қатынастар мен мәдениет әлемінің белсенді ықпалымен іске асып отырады. Философияда практика деп адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлемді немесе өзін өзгертуге бағытталған әрекетін айтады. Практиканың негізгі түрі - еңбек. Еңбектің арқасында табиғи күштер өзгертіліп, табиғи заттар өңделіп, адамдар қызметінің құрамдас бөлігіне, адамға қызмет ететін құралдарға айналып отырады. Практиканың саяси, басқару, тағы да басқа формалары бар. 1) практика – танымның қозғаушы күші, негізі мен бастауы. Практиканың нақты сұраныстары танымдық қажеттіліктерді және адамзаттық міндеттерін, тіпті танымның өзін іс - әрекеттің түрі ретінде тудырды. Мысалы, Көне Египетте жер өңдеу геометрия мен математиканың тууына себеп болды, ал

кеме жөндеу мен сауда ісі астрономия мен басқа ғылымдардың дамуын жеделдетті.2)практика - өзінің сұраныстарымен танымның мақсаты. Адамдар алатын білім оларға өмірде пайдалану үшін қажет, өйткені білім заттар мен тауарлар, еңбек құралдарын өндіретін өндіріс үшін бірден – бір қажеттілік. Біздің өмірімізде аса маңызды қажеттілікке айналып отырған радио, теледидар физика және басқа да ғылымдардың жетістіктері нәтижесінде пайда болған. Егерде білім практикада қажет болмаса, оның әлеуметтік құндылығы төмендей береді.3)практика – адам білімдері мен көзқарастарының ақиқаттығының өлшемі. Ғылыми болжамдар мен теориялардың нақтылығын практика дәлелдейді, немесе жоққа шығарады. Бірақ, бұл өлшем өзінің жетілмегендігінен әмбебап емес, өйткені әлем туралы көптеген болжамдар мен идеяларды практика жүзінде тексеруге немесе бағалауға болмайды. Сондықтан да ғылым білімнің ақиқаттығын негіздеу үшін басқа да тәсілді қолданады, мысалы, логикалық дәлелдеу. Осы айтқандарымыздың бәрін қысқаша қорытсақ, практика дегеніміз – қоршаған орта мен өзін - өзі өзгертуге бағытталған адамдардың нақты іс - әрекеті. Оның негізгі түрлері:Таным – адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттың жоғарғы деңгейі.Таным – адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс - әрекетінің әлеуметтік процесі. Оның нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады.Таным теориясы немесе гносеология – таным табиғаты мен оның мүмкіндіктері, шегі туралы мәселені арнайы зерттейтін философия ғылымының бір бөлігі.Таным теориясы туралы термин философия ғылымына 1854 жылы шотланд философы Дз. Феррерердің еңбектері арқылы енді. Өйткені танымнан тыс білім де, ғылымда да болуы мүмкін емес.Философия тарихында таным теориясына ерекше мән беріп, оның ерекшеліктерін анықтаған философ Кант.Таным теориясы этика, эстетика, адам туралы философиялық ілімдермен тығыз байланысты. Дегенмен, ол жалпы философия теориясының дербес бөлімінің ретінде өзінің мағынасын сақтайды.

4) Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5) Әдебиет:

1. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
2. Ғарифолла Есім «Фәлсафа тарихы» – Алматы, 2000.
3. Ғарифолла Есім «Қазақ философиясының тарихы» – Алматы, 2006.
4. Ғарифолла Есім «Адам-зат» – Астана, 2008.
5. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
6. Мырзалы С. Философия: оқулық . 2011. - 672 бет.
7. Нысанбаев, Ә. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы Алматы : Эверо, 2013
8. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.

6) Бақылау сұрақтары:

1. Білім және таным. Білім мен сенім.
2. Білім құрылымы.
3. Шебер және ұтымды білім.
4. Білім философиясында ақиқат түсінігі.
5. Абсолютті және салыстырмалы шындық.